

## **Железин ауданы Железин ауылдық округінің Железинка ауылындағы көшелерді қайта атау туралы**

Павлодар облысы Железин ауданы Железин ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 3 қаңтардағы № 1 шешімі

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 4) тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 2-тармағына сәйкес Железин ауылдық округінің Железинка ауылы халқының пікірін ескере отырып және облыстық ономастика комиссиясының 2023 жылғы 23 қарашадағы қорытындысы негізінде, Железин ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Железин ауданы Железинка ауылының келесі көшелерінің атауы өзгертілсін:  
"70 лет октября" көшесі "Ахмет Байтұрсынұлы" көшесіне;  
"Киров" көшесі "Нұрым Үсенов" көшесіне.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Железин ауылдық округінің әкімі*

*К. Айсаков*